

Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Бағлан» бөбекжайы»
МКҚК



30- тамыз 2022 жыл

«Бағлан»

бөбекжайы МКҚК

Жылдық жоспар

2022-2023оқу жылы

**МКҚК «Бағлан»
бөбекжайы**

**БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ОҚЫТУ, ДАМУЫ, СӨЙЛЕУ МЕН ӘЛЕМДІ
ТАНУҒА ҰЙРЕТУ**

ПЕДАГОГ

ОТБАСЫ

МЕДБИКЕ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІРЛЕСТІК

ҰЙЫМДАСТЫРУ

ДИАГНОСТИК

АТА-АНАМЕН БІРЛЕСУ

МКҚК «Бағлан» бөбекжайының 2021-2022 оқу жылы

«Бағлан» бөбекжайы МКҚК Төлеби ауданы Ленгір қаласы, Жастар Ақтас көшесіндегі №12 а ғимаратта орналасқан. Бөбекжай мекемесі бір қабатты, орталық жылу жүйесімен және сумен қамтамасыз етілген. Әкімшілік блогында меңгеруші бөлмесі, изолятор, медбике кабинеті бар. Бөбекжай ауласында ойын алаңы бар. Медицина кабинетінде балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын құралдармен қатар сауықтыруға арналған медициналық құралдармен жабдықталған. Асхана, қойма мекемеде орналасқан. Кір жуатын орын және от жағатын орын бөлек мекемеде орналасқан.

Бөбекжай 6 топтан құралған. Жұмыс уақыты 10.30 сағаттан 5 күндік.

6 топта мемлекеттік тілде.

Кіші «Балапан» тобы ..20... бала (қазақ тілінде оқиды)

Ортаңғы «Бөбек» тобы ..20... бала (қазақ тілінде оқиды)

Ортаңғы «Балауса» тобы ..20... бала (қазақ тілінде оқиды)

Ортаңғы «Бәйшешек» тобы ..25... бала (қазақ тілінде оқиды)

Ересек «Балдәурен» тобы 20-бала (қазақ тілінде оқиды)

Ересек «Балдырған» тобы 25 -бала (қазақ тілінде оқиды)

Барлығы ..130... бала

Бөбекжайдың сыйымдылық әлділігі 130 балаға арналған. Әрбір топ жеке жатын, ойын, әжетхана бөлмелерінен тұрады. Барлық топтар жиһаздармен, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай көрнекі құралдармен жабдықталған.

Бөбекжайда14.... педагог жұмыс атқарады, олар білімі бойынша төмендегідей:

Жоғары білімі барлар саны-...14...адам

I. Кіріспе

- 1.1. 2021- 2022 оқу жылының қорытындысы
- 1.2. 2022– 2023 оқу жылының негізгі мақсаты
- 1.3. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы
- 1.4. Педагог кадрларды топтастыру
- 1.5. Педагогтардың білімін, тәжірибесін және санатын жетілдіру мен көтеру

II. Кадрлармен жұмыс

- 2.1. Өндірістік кеңес
- 2.2. Меңгеруші жанындағы кеңес
- 2.3. Педагогикалық кеңестер
- 2.4. Әдістемелік сағат
- 2.5. Құқықтық тәрбие

III. Әдістемелік жұмыс

- 3.1. Білім деңгейін жетілдіру туралы мәліметтер
- 3.2. Педагогтардың курстан өту туралы мәліметі
- 3.3. Нұсқау жүргізу жоспары
- 3.4. Ұжымдық ашық оқу қызметтері
- 3.5. Әдістемелік кабинет жұмыстары
- 3.6. Педагогикалық ұйымдастыру жұмысы
- 3.7. Жас мамандармен жұмыс

IV. Балалармен жұмыс

- 4.1. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту бойынша жұмыстар
- 4.2. Ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауықтар
- 4.3. Экологиялық тәрбие жөніндегі іс – шаралар
- 4.4. Мектеп пен бөбекжай арасындағы байланыстар
- 4.5. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары

V. Бақылау мен басқару

- 5.1. Тәрбиелеу мен оқыту жұмысын бақылауды іске асыру кестесі.

VI. Ата-аналармен жұмыс

- 6.1. Жалпы ата-аналар жиналысы

VII. Қаржы-шаруашылық жұмыстар

- 7.1. Қаржы-шаруашылық жұмыстар

VIII. Психолог іс-жоспары

- IX. Бөбекжай медбикесінің жұмыс жоспары

1.1.2021 – 2022 оқу жылының жұмыс қорытындысы.

МКҚК «Бағлан» бөбекжайы бір қабатты мекемеден тұрады. Бөбекжай мекемесі бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне сай ыңғайлы да қолайлы. Бөбекжай Төлеби ауданы, Ленгір қаласы, Жастар көшесінің 12а үйінде орналасқан.

Бөбекжайда балалардың болу уақыты: 10,5 сағат.

Бөбекжай мекемесінің ішінде

1. Медбике бөлмесі
2. Меңгеруші бөлмесі
3. Әдіскер бөлмесі
4. Изолятор
5. Шаруашылық меңгерушісі бөлмесі
6. Қойма
7. Асхана ас даярлайтын бөлме
8. Кір жуатын орын
9. Дәретхана
10. 6 топ бөлмелері

Әр топ балаларының жас ерекшеліктеріне сай белгіленген ойын алаңдары бар.

2021 – 2022 оқу жылында төмендегідей топтар жұмыс істеді.

Кіші «Балапан» тобы ..20.... бала (қазақ тілінде оқиды)

Ортаңғы «Бөбек» тобы ..20.... бала (қазақ тілінде оқиды)

Ортаңғы «Балауса» тобы ..20.... бала (қазақ тілінде оқиды)

Ортаңғы «Бәйшешек» тобы ..25... бала (қазақ тілінде оқиды)

Ересек «Балдәурен» тобы 20-бала (қазақ тілінде оқиды)

Ересек «Балдырған» тобы 25 -бала (қазақ тілінде оқиды)

Барлығы ..130... бала

2021 – 2022 оқу жылының негізгі мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың жас шамасын, өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның жеке дамуы мен қалыптасуына жағдай жасау, балаларды жалпы адамзаттық рухани құндылықтарға сәйкес келетін жеке басының мәдениетіне, оның базисіне тәрбиелеу арқылы оларды жан – жақты дамыту, мектеп жасына дейінгі баланың жеке жас ерекшеліктерінің мүмкіндіктерін ашып, бала тұлғасын дамыту.

Міндеттері:

Жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандартты талаптары негізінде бөбекжай жұмысын төмендегі бағыттар бойынша құру:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда бөбекжай мен отбасы арасындағы байланысты нығайту, ата – аналарды бөбекжайдың оқу тәрбие жұмыстарына белсене араласуына жағдай жасау.
2. Мектепке дейінгі бүлдіршіннің денсаулығын сақтау және нығайту, оның толыққанды физикалық дамуына жағдай жасау.
3. Бөбекжайдың материалдық – техникалық базасын жақсарту.
4. Ақыл – ой қызметінің дағдылары мен біліктерін, интеллектуалдық қабілетін, таным процесстері мен қызығушылықты, білуге құмарлықты дамыту.
5. Баланың адамгершілік сезімдерін, мінез – құлқы мен түсініктерін дамыту.

Жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандартты талаптары негізінде бөбекжай жұмысын төмендегі бағыттар бойынша құру:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда бөбекжай мен отбасы арасындағы байланысты нығайту, ата – аналарды балабақшаның оқу тәрбие жұмыстарына белсене араласуына жағдай жасау.
2. Мектепке дейінгі бүлдіршіннің денсаулығын сақтау және нығайту, оның толыққанды физикалық дамуына жағдай жасау.
3. Бөбекжайдың материалдық – техникалық базасын жақсарту.
4. Ақыл – ой қызметінің дағдылары мен біліктерін, интеллектуалдық қабілетін, таным процесстері мен қызығушылықты, білуге құмарлықты дамыту.

Оқу-әдістемелік жұмыстар

Жоспар бойынша бір оқу жылында 5 педагогикалық кеңес, 5 меңгеруші жанындағы кеңес, 9 әдістемелік сағат, 4 өндірістік кеңес отырысы бекітілген. Кеңестерде қаралатын мәселелер толық қаралып, хаттамалары жазылған. Оқу тәрбие ісінде Зайцевтің санауға үйрету технологиясы, Монтессори, Триз, Рига әдістемесінің, Тэй – тэй технологияларының элементтері қолданылады. Балабақшадағы оқу – тәрбие жұмыстары «Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің базисті оқу жоспары» мен «ҚР мектепке дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеудің мемлекеттік стандартына» сәйкес жүзеге асады. 2021– 2022 оқу жылына 10 ашық ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері, 6 қорытынды ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері өтілді .

Барлық ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетілген мерзімі бойынша өтілді.

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерінің талдауы педагогтар арасында жасалынып, жетістіктері мен кемшіліктері педагогикалық кеңесте талқыланды. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің материалдары әдістемелік кабинетте сақтаулы.

Білім жетілдіру жұмыстары

Жаңадан шыққан әдіс - тәсілдермен танысу мақсатында балабақшамыздың тәрбиешілері біліктілікті арттыру курстарына, тренинг семинарларға , басқа балабақшаларға барып өз беттерімен ізденіп, тәжірибе алмасады. Ғылыми – теориялық әдістемелік шеберлікті жетілдіру, саяси сауаттылықты көтеру, оқу – әдістемелік газет – журнал оқу, педагогика, психология, балабақша гигиенасы туралы, халықтық педагогика, жалпы мәдениетті көтеру, көркем – әдеби шығармалар оқу бойынша өз білімдерін жетілдірді. Мектепке дейінгі білім беру туралы стандарты бойынша, озық тәжірибені оқып үйрену, оқу іс – әрекетінің әдіс - тәсілдері, тәрбие жұмыстарын жүргізу жайында кеңестер өткізілді. 2019 – 2020 оқу жылында онлайн курстан өткендер саны – 5 адам

Педагогтардың үздіксіз біліктілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің «Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы Акционерлік Қоғамы арқылы және «Педагог» әдістемелік кеңес орталығы, «Мектепке дейінгі жаңа технологиялар орталығы» арқылы курстарға қатыстырылып отырылды. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан өтіп отыруы әкімшілік тарапынан қадағаланды.

Бөбекжайдағы оқу-тәрбие жұмыстары

Бөбекжайдағы оқу-тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

Ертеңгіліктер, қауіпсіздік мектебінің жұмыс жоспары, құқықтық тәрбие, мектеп пен бөбекжай арасындағы байланыс жоспары меңгерушімен бекітіліп, талап бойынша жұмыс жүргізіліп отырады.

Жоспарда іс-шаралар талапқа сай қамтылған. Тәрбие жұмысына байланысты құжаттар арнайы папкаларда жинақталған.

Балалардың бойында адамгершілік және парасаттылық қасиеттерін тәрбиелеу, денсаулықтарын шынықтыру, жарысуға деген қызығушылығын ояту, өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында ойын – сауықтар, байқаулар, сурет көрмелері, эстафеталық ойындар, Денсаулық күндері ұйымдастырылды.

«Сабын көпіршіктері» мерекесі

«Кім күшті?» эстафеталық жарысы

«Білектілер жарысы»

«Сүйікті гүлдер» сурет байқауы

«Нептун» мерекесі

«Астана әсем қала» сурет байқауы

«Гүл отырғызуды үйренеміз»

Табиғат аясына, саябаққа саяхаттар ұйымдастырылды.

Экологиялық тәрбие жөніндегі іс – шаралар қоршаған ортаға қамқорлық көзқарасқа тәрбиелеу, қоршаған ортаның қайталанбас сұлулығын түсінуге тәрбиелеу, баланы жан – жақты тәрбиелеу, табиғаттағы құндылықты бағалауды түсіндіру мақсатында жоспарланып, күн тәртібіндегі тәрбиелік жұмыстарда үнемі жүргізіліп отырылады. Бөбекжайда қауіпсіздік мектебінің жұмысы жоспарланып өткізілді. Табиғатты сүюді үйрету мақсатында педагог мамандар бүлдіршіндерге гүл отырғызуды үйретті.

Бала денсаулығын күту және қорғау және баланың физикалық дамуын нығайту үшін «Күштілер мен ептілер», «Көңілді балалар», «Жүзден жүйрік» эстафеталық жарыстары, «Білектілер» жарысы, «Көңілді шашыранды су» , «Нептун» , «Сабын көпіршіктері» мерекелері өтті.

Құқықтық тәрбие беру үш бағытта жүзеге асырылады: педагогтармен жұмыс, ата-аналармен және балалармен жұмыс. Құқықтық міндетті оқыту мектебінің іс-шараларын өткізу бойынша жоспар жасалынып, жылдық жоспарға бөлім болып енгізілген.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңын , «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» туралы заңын, Тіл туралы Заңын, Балалар құқықтары конвенциясын оқып үйрену және талаптарын орындау, тәрбиешілер арасында құқықтық тәрбие туралы дөңгелек үстел туралы жұмыстар балабақшаның педкеңесінде, ата – аналар жиналысында қаралып отырған.

Оқу –тәрбие сапасын көтеру

Педагогикалық ұжымның жұмысына әкімшілік тарапынан бақылау жасау ісі жоспарлы түрде жүргізіледі. Педагогикалық кеңестер өз мезетінде өтіп отырды, баяндамашылардың баяндамалары мақсатты түрде өтеді, мәселелер талқыланды. Әр педагогикалық кеңес өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу барысымен таныстырудан басталады.

Бөбекжайдағы мамандар жас болғандықтан үнемі ізденісте жүреді. Жаңадан білген әдіс-тәсілдерін тәрбиешілермен бірге әдістемелік сағаттарда әдіс алмасады. Бөбекжай әдіскері Коштаева Гулдана әдістемелік кеңестерде Мектепке дейінгі білім беру туралы стандарты бойынша, оқу қызметтерінің әдіс - тәсілдері, тәрбие жұмыстарын жүргізу жайында кеңестер өткізеді. Оқу жылы барысында тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары бойынша баяндамалары, ашық оқу қызметтерінің құжаттары жинақталды.

Мектеппен байланыс

Мектеп пен бөбекжай арасындағы байланыс жоспары меңгерушімен бекітіліп, Момынай ауылындағы жалпы орта мектеп мұғалімдерімен, оқушыларымен оқу – тәрбие жұмысы бойынша тығыз байланыста.

Ортаңғы топ балалары мектеп кітапханасымен танысып , бірінші сынып оқушылығын көріп қайтты. Бөбекжайдағы ашық оқу қызметтерге, мерекелерге, байқауларға бастауыш сынып мұғалімдері шақырылды. Мектептің жоғары сынып оқушылары Жаңа жылдық ертеңгілікте шыршаны безендіруге , мерекелерде топ бөлмелерін безендіруге атсалысты. Мектеп директоры Қ. Мадияров бөбекжайдағы өткен мерекелердің құрметті қонағы ретінде үнемі шақырылды.

Ата – аналармен жұмыс

Бөбекжайда ата-аналар комитетінің жұмысы тиянақты, жоспарлы түрде жүргізіледі. Ата – аналарды бала тәрбиесіне белсенді араластыру мақсатында ата – аналармен жүргізілетін жұмыстар жоспары құрылған. Бөбекжай бойынша жалпы ата – аналар жиналысы және әр топтағы ата – аналар жиналысы 3 рет жоспарланып өткізілді. Ондағы қаралған мәселелер: бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы, ата – аналар комитетін сайлау, бала құқығы туралы конвенцияны оқып үйрену, талдау, сараптау, баланы тәрбиелеу, мектепке дайындау мәселеріне арналды. Сонымен қатар бөбекжай психологі ата – аналарға түрлі тақырыпта кеңестер оқып, ата-аналарға сауалнама жүргізді.

Биылғы оқу жылында 45 бүлдіршін мектепке барады. «Балабақшамен қоштасу» ертеңгілігіне ата-аналар қатысып, бөбекжай қызметкерлеріне өз алғыстарын білдірді. Бөбекжай, мектеп және ата-аналар арасында өте тығыз байланыс орнатылған. Келесі оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілуде.

1.2. 2022 – 2023 оқу жылының негізгі

мақсаты

Қазақстан Республикасының «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» стандарты талаптарын орындау, мектеп жасына дейінгі балалардың жас шамасын, өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның жеке дамуы мен қалыптасуына жағдай жасау, балаларды жалпы адамзаттық рухани құндылықтарға сәйкес келетін жеке басының мәдениетіне, оның базисіне тәрбиелеу арқылы оларды жан – жақты дамыту, мектеп жасына дейінгі баланың жеке жас ерекшеліктерінің мүмкіндіктерін ашып, бала жеке тұлғасын дамыту.

2022 – 2023 жаңа оқу жылына алған

міндеттері

1. Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық салт-дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру, таңертеңгілік жаттығулар мен дене тәрбиесі бойынша жүргізілетін ұйымдастырылған іс-шаралар сапасын арттыру.

(«Денсаулық» білім беру саласы, ата-аналармен жұмыс арқылы жүзеге асырылады)

2. Балалардың ақыл – ой қызметінің дағдылары мен біліктерін, интеллектуалдық қабілетін, таным процесстері мен қызығушылықты, білуге құмарлықты дамыту, сезімдік – эмоциялық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру («Таным», «Шығармашылық» білім беру салалары, оқу әдістемелік жұмыстарға жаңа технологиялар, тың, қолдануға тиімді әдістемелер енгізу және ата-аналармен жұмыс арқылы жүзеге асырылады)

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік құндылық бағдарын адамның оң мінез-құлқы нормасы, тәртіптік ережесі, Қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру. («Коммуникация», «Әлеуметтік» білім беру салалары және «Өзін-өзі тану» пәні арқылы жүзеге асырылады)

1.3. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы

№	Аты –жөні	Туған жылы	Бітірген оқу орны, жылы	Диплом бойынша мамандығы	Балабақшадағы қызметі	Жүктмесі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Осы мекемедегі еңбек өтілі	Құрстан өткен жылы	Арнайы кабинеті
1	Кунтуова Айна Танирбергеновна	20.11.1981ж.	Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 07.07.2003ж.	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Меңгеруші	1	-	24 жыл	24 жыл	2018 жыл	-
2	Коштаева Гулдана Нурлыбековна	21.02.1988ж.	Қазақстан инженерлі-педагогикалық халақтар Достығы университеті, 08.05.2014ж.	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Әдіскер (психолог)	1	-	9 жыл	7 жыл	2021 жыл	-
3	Усенбаева Улбала Алтынбековна	02.02.1983ж.	Оңтүстік Қазақстан Ашық университеті, 07.06.2006ж.	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Тәрбиеші	1	-	7 жыл	7 жыл	2021 жыл	-
4	Балгабекова Гулден Набатбековна	11.09.1986ж.	Халықаралық инженерлі-педагогикалық халықтар достығы университеті,	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Тәрбиеші	1	-	7 жыл	7 жыл	2017жыл	-

			28.06.2017ж.								
5	Аскарова Айну Бахытжановна	17.05.1990ж.	Аймақтық әлеуметтік инновациялық гуманитарлық университеті Әлеуметтік- педагогикалық институты	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Тәрбиеші	1	-	7 жыл	7 жыл	2021 жыл	-
6	Балкыбекова Гульжазира Шегебайқызы	26.10.1979ж.	Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық Университеті 11.06.2018ж. ЖБ-Б №1301179	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Тәрбиеші	1	-	2,5 жыл	2,5 жыл	2021 жыл	-
7	Бестенова Сауле Бахытбекқызы	20.11.1981ж.	Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 07.07.2003ж.	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Тәрбиеші	1	-	9 жыл	7 жыл	2021 жыл	-
8	Тойшибекова Гаухар Аскарбековна	22.12.1986ж.	Халықаралық гуманитарлы- техникалық университеті 30.06.2021ж. ЖБ-Б №1853905	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Тәрбиеші	1	-	-	-	2022	-
9	Есимбекова Назира Азимбайқызы	04.09.1964ж	Оңтүстік Қазақстан педагогикалық	Бастауыш оқыту	Әдіскер(тәрбиеші)	1	-	42жыл	22жыл	2017ж	бар

			университеті ЖБ№0120018 14.08.2008ж	педагогикасы мен әдістемесі								
10	Ембаева Динара Жамалбек қызы	02.06.1982ж	Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті АЖБ№0005477 04.06.2007ж	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Тәрбиеші	1	-	17жыл	12жыл	2022ж	-	
11	Бакашева Алима Тагайбекқызы	22.04.1980жыл	Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті ЖБ-Б№1500987 19.06.2019ж	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Тәрбиеші	1	-	17жыл	10жыл	2022ж	-	
12	Бердалиева Хатира Омархан қызы	09.09.1974ж	Қазақстан инженерлі- педагогикалық халақтар Достығы университеті ЖБ-Б№0642443 20.05.2013ж	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Тәрбиеші	1	-	29жыл	10жыл	2021ж	-	
13	Урисбаева Халия Махан қызы	24.05.1975ж	«Мирас» университеті ЖБ-Б№03Г7916 04.07.2011ж	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Тәрбиеші	1	-	22жыл	16жыл	2018ж	-	
14	Молдабаева Зулфия Жолдыбай қызы	23.10.1972ж	Шымкент әлеуметтік педагогикалық университеті ЖБ№081529 12.05.2007ж	Тарих және география	Тәрбиеші	1	-	22жыл	22жыл	2021ж	-	

1.4. Педагог кадрларды топтастыру

№	Қызметі	Аты-жөні
1	Балабақша меңгерушісі :	Кунтуова Айна Танирбергеновна
2	Әдіскер	Коштаева Гулдана Нурлыбековна
3	Ортаңғы «Бөбек» тобы	Аскарова Айнур Бахытжановна Тойшибекова Гаухар Аскарбековна
4	Ортаңғы «Балауса» тобы	Бестенова Сауле Бахытбековна Балгабекова Гулден Набатбековна
5	Ересек «Балдәурен» Тобы	Балкыбекова Гульжазира Усенбаева Улбала
6	Ересек «Балдырған»тобы	Ембаева Динара Жамалбекқызы Бердалиева Хатира Омарханқызы
7	Ортаңғы «Бәйшешек»тобы	Молдабаева Зулфия Жолдыбай қызы
8	Кіші «Балапан»тобы	Урисбаева Халия Махан қызы Бакашева Алима Тагайбек қызы

**1.5. ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІМІН, ТӘЖІРИБЕСІН ЖӘНЕ САНАТЫН
ЖЕТІЛДІРУ МЕН КӨТЕРУ**

№	Аты-жөні	Лауазымы	Аттестациядан өткен жылы	Кезекті аттестация жылы	Білімін жетілдіру курсынан өткен жылы	Білімін жетілдіру курсынан өткен жылы	Кезекті білімін жетілдіру курсынан өтетін жылы
1	Кунтуова Айна Танирбергеновна	Меңгеруші	-	2023 ж.	2018 жыл	2023ж.	2026ж.
2	Коштаева Гулдана Нурлыбековна	әдіскер-психолог	-	2023 ж.	2021 жыл	2024ж.	2027ж.
3	Усенбаева Улбала Алтынбековна	тәрбиеші	-	2023 ж.	2021 жыл	2024ж.	2027ж.
4	Балгабекова Гулден Набатбековна	тәрбиеші	-	2023 ж.	2021 жыл	2024ж.	2027ж.
5	Аскарова Айнур Бахытжановна	тәрбиеші	-	2023 ж.	2021 жыл	2024ж.	2027ж.
6	Балкыбекова Гульжазира Шегебайқызы	тәрбиеші	-	2023 ж.	2021 жыл	2024ж.	2027ж.
7	Бестенова Сауле Бахытбекқызы	тәрбиеші	-	2023ж.	2021 жыл	2024ж.	2027ж.
8	Тойшибекова Гаухар Аскарбековна	тәрбиеші	-	2025ж.	-	2022ж.	2025ж.
9	Есимбекова Назира Азимбайқызы	әдіскер	-	2023ж	2017ж	-	2025ж
10	Ембаева Динара Жамалбек қызы	Тәрбиеші	-	2023ж	2022ж	2023ж ПШО	2025ж
11	Бакашева Алима	Тәрбиеші	-	2023ж	2022ж	-	2025ж

	Тагайбек кызы						
12	Бердалиева Хатира Омархан кызы	Тәрбиеші	-	2023ж	2021ж	2019ж ПШО	2024ж
13	Урисбаева Халия Маханкызы	Тәрбиеші	-	2023ж	2019ж	-	2024ж
14	Молдабаева Зулфия Жодыбай кызы	Тәрбиеші	-	2023ж	2021ж	-	2024ж

II. Кадрлармен жұмыс

Мақсаты: Жаңа озық педагогикалық тәжірибелік, педагогикалық технологияларды, бағдарламаларды енгізу; Педагогтардың кәсіби теориялық әдістемелік деңгейлерін көтеру; Педагогтардың жан-жақты дамуын, ұйымдастырылған қызметтерді меңгеру үшін тәжірибелік, білімдік сапасын арттыру.

2.1. Өндірістік кеңес

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	№1 Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Тамыз	Меңгеруші Кәсіподақ комитеті Шаруа меңгерушісі Әдіскер Медбике
2	Стандарт талабына орай топтарды жабдықтау жұмысын жалғастыру, балалар тізімін анықтау		
3	Қамқоршылық кеңес жоспарын құру Балалар өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу, бұйрық шығару.		
4	Ішкі еңбек тәртібін бекіту		
			Медбике
1	№2 Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Желтоқсан	Меңгеруші Кәсіподақ комитеті Меңгеруші Әдіскер Медбике
2	Жылу мәселесі		
3	Жаңа жыл мерекесіне ертеңгіліктерде қауіпсіздік ережелерін сақтау		
4	Балабақшада ойыншықтарды қолдануға қойылатын санитарлық талаптар		
1	№3 Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.	Наурыз	Меңгеруші Медбике Шаруа меңгерушісі Медбике
2	Күннің екінші жартысында ойын-сауықтыруларды түрлендіру арқылы жандандыру- пікір алмасу.		
3	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтары бойынша қызметкерлердің білімін тексеру, төтенше жағдайлардағы персоналдың әрекеті.		
4	ТҚ және ӨҚ нұсқаулықтарын басшылыққа алу		

1	<p style="text-align: center;">№4</p> <p>Өткен кеңестің шешімінің орындалуы</p> <p>Жазғы сауықтыру кезіндегі балалар денсаулығын нығайту шаралары</p> <p>Іш ауруларының алдын алу. Мейірбикенің кеңесі</p> <p>Жазғы жөндеу жұмыстары туралы</p>	Мамыр	Меңгеруші
2			Медбике
3			Шаруа меңгерушісі
4			Медбике

2.2. Меңгеруші жанындағы кеңес

р/с	Атқарылатын жұмыстар	мерзімі	жауапты	өткізілу түрі
1	<p style="text-align: center;">№1</p> <p>1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шұғыл тексерудің қорытындысы</p> <p>2.«Тіл мерекесіне» және «Қарттар күніне» арналған іс-шара жоспарын бекіту.</p> <p>3.Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.</p> <p>4. «Республика күні» және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту.</p>	қыркүйек 2022ж	<p>Меңгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Музыка жетекшісі</p> <p>тәрбиешілер</p>	<p>дөңгелек стол</p> <p>қорытынды</p>

2	<p style="text-align: center;">№2</p> <p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде. 2. Ересек топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығуларды және түскі гигиеналық шараларды орындау қортындысы. 3. «Алтын күз» мерекесін талқылау. 4. «Тәуелсіздік күні» , «Жаңа жыл» мерекесінің сценарийлерінің түзілуі туралы</p>	<p>қараша 2022 ж</p>	<p>Меңгеруші Әдіскер Музыка жетекшісі Тәрбиешілер</p>	<p>дөңгелек стол қорытынды</p>
3	<p style="text-align: center;">№3</p> <p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде. 2. Ересек топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығуларды және түскі гигиеналық шараларды орындау қортындысы. 3. «Тәуелсіздік күні» мерекесін және «Жаңа жыл» мерекесін талқылау. Бастапқы мониторинг нәтижесі</p>	<p>қаңтар 2023 ж</p>	<p>Меңгеруші әдіскер медбике Музыка жетекшісі</p>	<p>талқылау дөңгелек стол</p>
4	<p style="text-align: center;">№4</p> <p>1. Педагогтерді мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымымен таныстыру. 2. 8-Наурыз және жыл басы Наурыз ертеңгіліктерінің сценарилерін бекіту. 3. Табиғат бұрышындағы кезекшілік жұмысты ұйымдастыру бойынша салыстырмалы</p>	<p>ақпан 2023ж</p>	<p>Музыка жетекшісі Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер</p>	<p>дөңгелек стол</p>

	тексерудің қортындысы.			
5	<p style="text-align: center;">№5</p> <p>1. Балалардың балабақшамен қоштасу жұмыстарына дайындық.</p> <p>2. Кіші топтарда таңертеңгі жаттығуды жасау ережелерінің сақталуы.</p> <p>3. Оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі. Қорытынды мониторинг. Жазғы демалыс сауықтыру мезгілінің жоспарын бекіту</p>	мамыр 2023ж	Музыка жетекшісі Меңгеруші Әдіскер Медбике Тәрбиешілер	

2.3. Педагогикалық кеңестер.

Мақсаты: Бес білім беру салалары: *«Денсаулық» «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»* бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын жетілдіру.

1	<p style="text-align: center;">№1 Педагогикалық кеңес</p> <p style="text-align: center;">Жаңа оқу жылы</p> <p>1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметін бекіту</p> <p>2. Жазғы сауықтыру кезінде істелінген жұмыс</p>	30.08.2022ж	Медбике Шаруа меңгерушісі Меңгеруші әдіскер	Дөңгелек стол
---	---	-------------	--	---------------

	<p>есебі.</p> <p>3. Тәрбиешінің шығармашылық тақырыптарын бекіту</p>			
2	<p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы</p> <p>2. « Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту» (Баяндама)</p> <p>3. Жаңа үлгілік бағдарлама бойынша түсіндіру.</p>	Қараша айы	<p>Меңгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Тәрбиеші</p>	Қорытынды
3	<p>№3 Педагогикалық кеңес</p> <p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.</p> <p>2. Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысының есебі.</p> <p>3. Төтенше жағдайларда балалар қауіпсіздігін сақтау негіздері</p> <p>4. Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы</p> <p>(Баяндама)</p>	Қаңтар айы	<p>Меңгеруші</p> <p>Тәрбиеші</p> <p>әдіскер</p> <p>Педагогтар</p> <p>Педагог - психолог</p>	Қорытынды
	<p>№4 Педагогикалық кеңес</p> <p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің</p>			

	<p>орындалуы.</p> <p>2 Тақырыптық бақылау қорытындысы</p> <p>3. Өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы жайы</p> <p>4. Тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу- қызметі барысында ойындарды пайдалану деңгейін анықтау</p>	<p>Наурыз айы</p>	<p>Меңгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Тәрбиешілер</p> <p>Меңгерушісі</p> <p>Әдіскер</p>	<p>Қорытынды</p>
5	<p>№5 педагогикалық кеңес</p> <p>1. Қорытынды педагогикалық кеңес 2022-2023 оқу жылының қорытындысы.</p> <p>2. Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім күзінеттілігін қалыптастырудың мониторингі</p> <p>3. «Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»</p>	<p>Мамыр айы</p>	<p>Меңгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Тәрбиешілер</p> <p>Меңгерушісі</p> <p>Әдіскер</p>	<p>Қорытынды</p>

2.4. Әдістемелік сағат жоспары.

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңа стандартты талқылау	Қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер Әдістемелік бірлестік мүшелері
2	Мнемотехника-балалардың тілін дамыту үшін табысты әдіс	Қазан	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиеші
3	Бала саусағын дамыта отырып, тілін дамыту	Қараша	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиеші
4	Ертегі және таныс әдеби шығармалардан үзінділерді сахналауда балалардың рольді сомдау шеберлігін дамыту	Желтоқсан	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиеші
5	Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы	Қаңтар	Меңгеруші Әдіскер Әдістемелік бірлестік мүшелер
6	Модульді оригами	Ақпан	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиеші
7	Мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салуға үйретуде әр түрлі әдістерді қолдану арқылы бейнелеу өнеріне баулу	Наурыз	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиеші

			Кунакова Индира
8	Ұлттық аспаптарды оқу іс – әрекеттерде қолдану	Сәуір	Меңгеруші Әдіскер Әдістемелік бірлестік мүшелері
9	Асықты бес салада пайдалану	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Әдістемелік бірлестік мүшелері

2.5. Құқықтық тәрбие

Міндеттері: Қызметкерлердің, ата –аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру

к/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	ҚР Білім туралы заңын оқып үйрену.	Жыл бойы	Меңгеруші
2	Қ.Р. Балалар құқықтары конвенциясын оқып үйрену және талаптарын орындау	Жыл бойы	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер
3	Тіл туралы Заңы	Жыл бойы	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер
4	ҚР. «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» туралы заңы.	Жыл бойы	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер
5	Ата - аналар арасында бала құқығын қорғау мәселесі бойынша	Ата-аналар жиналысында үнемі	Әдіскер Тәрбиешілер
6	«Құқықтық тәрбие» туралы	Жыл бойы	Әдіскер Тәрбиешілер

Добавлено примечание ([К1]):

3. Әдістемелік жұмыс

3.1. Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін және білім деңгейін жетілдіру туралы мәліметтер

Міндеті: Балаларға психологиялық – педагогикалық қызмет көрсету үшін педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ету

№	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты	ескерту
1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жаңа әдіскерлік әдістерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты арқылы педагогикалық іскерлігін және біліктілігін көтеру Нұсқаулар жүргізу.	Жыл бойы	Меңгеруші Әдіскер	
2	<ul style="list-style-type: none">– Қазақстан Республикасының Заңдары «Еңбек»– Бала өмірін және денсаулығын қорғау– Техникалық қауіпсіздігін және еңбекті қорғау– Өрт қауіпсіздігі– Санитарлық және эпидемиялық ауруға қарсы жұмыс– Ішкі жұмыс жүйесі– Төтенше жағдайда балаларды эвакуациялау барысында балабақша қызметкерлерінің бірлескен жұмысы	Жыл бойы	Меңгеруші Шаруашылық меңгерушісі	

3.2. Педагогтардың курстан өту туралы мәліметі

№	Аты-жөні	Лауазымы	Курстан өткен жылы	2022ж.	2023ж.	2024ж.
1	Кунтуова Айна Танирбергеновна	Менгеруші	2018 жыл	+		
2	Коштаева Гулдана Нурлыбековна	әдіскер-психолог	2021 жыл			+
3	Усенбаева Улбала Алтынбековна	тәрбиеші	2021 жыл			+
4	Балгабекова Гулден Набатбековна	тәрбиеші	2022 жыл			+
5	Аскарова Айнура Бахытжановна	тәрбиеші	2021 жыл			+
6	Балкыбекова Гульжазира Шегебайқызы	тәрбиеші	2021 жыл			+
7	Бестенова Сауле Бахытбекқызы	тәрбиеші	2021 жыл			+
8	Тойшибекова Гаухар Аскарбековна	тәрбиеші	2021 жыл			+

3.3. Нұсқау жүргізу жоспары

№	Жұмыс мазмұны	мерзімі	Жауапты	ескерту
1	Ішкі еңбек тәртібі туралы	Аптасына	Меңгеруші	
2	Бөбекжай балаларының жарақаттануы	Тоқсанына 1рет	Медбике	
3	Өрт қауіпсіздігі	Тоқсанына 1рет	Шар.мең	
4	Бала өмірін, денсаулығын қорғау	Тоқсанына 1рет	Меңгеруші	
5	Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	Тоқсанына 1рет	Меңгеруші	
6	Азаматтық қорғаныс туралы	Жылына 1рет	Меңгеруші әдіскер	
7	Санитарлық және эпидемияға қарсы жұмыс	Жылына 1рет	Медбике	

3.4. Әдістемелік кабинет жұмысы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын жасау	Қыркүйек	Әдіскер
2	Жылдық және күнтізбелік жоспарларды жасауға тәжірибелік көмек көрсету	Қыркүйек	Әдіскер
3	Педагогикалық кеңеске тақта дайындау		
4	Келесі таңбаларды жаңарту – Әдістемелік бұрыш – Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары – Әдістемелік нұсқаулар – Біздің бөбекжайымыз – Аспазшы бұрышы, ас мәзірі	Қыркүйек	Әдіскер
5	Математикаға арналған суреттерді тақырып бойынша талдау	Жыл бойы	
6	Күнделікті іс-әрекет пен күн тәртібіндегі мезеттерге қатысып, оқу тәрбие процестеріндегі педагогикалық шеберлікті көтеруін байқау. (қарым-қатынас)	Жыл бойы Жыл бойы	
7	Жаңа мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес жаңа әдістемелік әдебиеттер мен қазақ тіліндегі әдістемеліктерді толықтыру жұмыстарын жалғастыру	Жыл бойы	Муз.жет. Тәрбиешілер
8	«Ашық есік күні» топтарда өткізу	Жыл бойы	Әдіскер тәрбиешілер

3.5.Педагогикалық ұйымдастыру жұмысы (Саяхаттар, көрмелер, байқаулар)

Міндеті: Мектепке дейінгі тәрбиенің сапасын көтеру

<i>№</i>	<i>Жұмыстың мазмұны</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жауаптылар</i>	<i>Ескерту</i>
1	Байқаулар: «Таң даулы топ бұрышы»	Қараша	Тәрбиешілер	
2	Ең әсем, сәнді топ	Мамыр	Тәрбиешілер	
1	Көрмелер: «Күз сыйы» тақырыбында көрме	Қараша	Ересек «Балдәурен» тобы	
2	«Монтессори» әдісіне көрме	Қараша	Тәрбиешілер	
1	Саяхаттар: Мектептегі білім күні мерекесіне саяхат	Қыркүйек	Ересек «Балдәурен» тобы	
2	Кітапханаға саяхат	Қазан	Ересек «Балдәурен» тобы	
3	«Соңғы қоңырау» Серуендеу мектепке	Мамыр	Ересек «Балдәурен» тобы	

3.6.Жас мамандармен жұмыс

Міндеті : Мектепке дейінгі балалардың білім саласындағы құзыреттілігін дамытудың үздік педагогикалық тәжірибесін жас тәрбиешілерге үйретуді жалғастыру.

р/с	жас маманның аты, жөні, тегі	еңбек өтілі	тәлімгер	жұмыс әдісі
1.	Тәрбиешілер	9жыл	Әдіскер Г.Н.Коштаева	Оқу-тәрбие бағдарламасы бойынша кеңес беру

IV. Балалармен жұмыс.

4.1. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту бойынша жұмыстар

Мақсаты: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту бойынша жұмыстарды жақсарту, балалардың дене дамуын жетілдіру, медициналық-педагогикалық бақылау.

р/с	Іс-шаралар	мерзімі	топтар	дәрежесі	жауаптылар
1.	Балаларды емдеу жұмыстары	медбике жоспары бойынша	барлық топтар	барлық қызметкерлер	Медбике
2.	Балаладың өмірі мен денсаулығын қорғау ережелерін сақтау	үнемі	барлық топтар	барлық қызметкерлер	Меңгеруші
3.	Балабақшадағы санитарлық-тазалық тәртібін бақылау.	үнемі	барлық топтар	барлық қызметкерлер	Медбике
4.	Тамақтың дұрыс ұйымдастырылуын бақылау	үнемі	барлық топтар	барлық қызметкерлер	Медбике
5.	Мәдени-тазалық дағдыларын қалыптастыру	үнемі	барлық топтар	барлық қызметкерлер	тәрбиешілер ата-аналар
6.	Сауықтыру іс-шараларын өткізу	үнемі	барлық топтар	барлық қызметкерлер	тәрбиешілер медбике

4.2. Ертеңгіліктер, мерекелер

№	Жұмыс жоспары	мерзімі	жауапты
1	«Білім күні»	Қыркүйек	Ересек «Балдәурен», «Балдырған» тобы Тәрбиешілер
2	«Республика күні»	Қазан	Ортаңғы «Балауса» «Бәйшешек» тобы Ересек «Балдәурен» «Балдырған» тобы Тәрбиешілер
3	«Алтын күз»	Қараша	Кіші «Балапан», Ортаңғы «Балауса», «Бөбек», «Бәйшешек» Ересек «Балдәурен» , «Балдырған» тобы Тәрбиешілер
4	«Тәуелсіздік күні!»	Желтоқсан	Кіші «Балапан», Ортаңғы «Балауса», «Бөбек», «Бәйшешек» Ересек «Балдәурен» , «Балдырған» тобы Тәрбиешілер
5	«Жап-жаңа жыл!»	Желтоқсан	Барлық топтарда
6	«Көктем аруы!»	Наурыз	Ересек «Балдәурен», «Балдырған» тобы Тәрбиешілер
7	«Аналар мерекесі»	Наурыз	Барлық топтарда
8	«Әз-Наурыз мерекесі»	Наурыз	Барлық топтарда
9	«Жігіт сұлтаны»	Сәуір	Ересек «Балдәурен»,

			«Балдырған» тобы Тәрбиешілер
10	«1- Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні»	Мамыр	Ортаңғы «Балауса» , «Бөбек», «Бәйшешек» тобы Тәрбиешілер
11	«Жеңіс күні!»	Мамыр	Ересек «Балдәурен» «Балдырған» тобы Тәрбиешілер
12	«Қош бол бөбекжайым!»	Мамыр	Ересек «Балдәурен» «Балдырған» тобы Тәрбиешілер

4.3. Экологиялық тәрбие жөніндегі іс – шаралар

№	Іс – шаралар мазмұны	мерзімі	жауаптылар	ескерту
1	Қарапайым экологиялық қауіпсіздікті оқыту	Үнемі	Тәрбиешілер	
2	Қоршаған ортаға қамқорлық көзқарасқа тәрбиелеу	Үнемі	Тәрбиешілер	
3	Қоршаған ортаның қайталанбас сұлулығын түсінуге тәрбиелеу	Үнемі	Тәрбиешілер	
4	Баланы жан – жақты тәрбиелеу			
5	Табиғаттағы құндылықты бағалаулы түсіндіру.	Үнемі	Тәрбиешілер	
6	Табиғатта бәрі бір – бірімен байланысты, бір байланыс бұзылса	Үнемі	Тәрбиешілер	
7	басқа өзгерістер туындайтынын түсіндіру.	Үнемі	Тәрбиешілер	
8	Табиғаттағы құндылықты түсінуге тәрбиелеу	Үнемі	Тәрбиешілер	
9	Ұнамды, ұнамсыз заттарға дұрыс қарым – қатынаста болуға тәрбиелеу	Үнемі	Тәрбиешілер	
10	Табиғи ресурстарды үнемдеп пайдалануға үйрету (су, жарық)	Үнемі	Тәрбиешілер	

4.4. Мектеп пен бөбекжай арасындағы байланыстар.

№	Жұмыстың мазмұны	Тәрбиелік тапсырмалар	Әдістемелік әдіс	Жауаптылар
1	Жаңа жылдық ертеңгіліктерге топты безендіруге оқушылардың қатысуы.	Жақын қарым – қатынасты тәрбиелеу		Тәрбиешілер
2	Мектептегі білім күніне саяхат	Қызушылығын тәрбиелеу	әңгімелесу, көріп тамашалау	Тәрбиешілер
3	Мектеп кітапханасында болу	Қызығушылық, эмоциялық қуанышты сезімдер	Тәрбиешінің баяндауы	Тәрбиешілер
4	Мектептің соңғы қоңырауына ортаңғы топ балаларын қатыстыру	Қызушылығын тәрбиелеу	әңгімелесу, көріп тамашалау	Тәрбиешілер
5	Бөбекжайда өтетін көрмелер мен жарыстарға мектептің бастауыш мұғалімдерін шақыру	Жақын қарым – қатынасты тәрбиелеу		Әдіскер

4.5. Жазғы сауықтыру – шараларының жоспары.

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	«Балалардың денсаулығын қорғау және нығайту. (нұсқау)	Маусым	Меңгеруші	
2	Жұқпалы ауруларға қарсы күрес ережелері. (нұсқау)	Маусым	Медбике	
1	Әдістемелік жұмыс Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және денсаулығын жақсарту шараларының жоспарын жасау.	Маусым	Меңгеруші	
2	Жазғы кезеңге ұйымдастырылған оқу іс – әрекет кестесін түзу	Маусым	Әдіскер	
3	Балалар өмірін олардың топталуларын, бос уақытты өткізулері, медициналық қызмет көрсетулері үшін жағдайлар жасау.	Маусым	Медбике	
1	Балалармен жұмыс Балалардың асфальтта салған сурет жарысы «Әлем балалар көзімен»	Маусым	Тәрбиешілер	
2	«Сабын көпіргіштері» мерекесі	Маусым	Музыка жетекшісі Тәрбиешілер	
3	«Жазғы жарыстар» эстафеталық жарыстар.	Маусым	Тәрбиешілер	
4	«Сүйікті гүлдер» сурет байқауы	Шілде	Тәрбиешілер	
5	«Нептун мерекесі»	Шілде	Тәрбиешілер	

6	«Көңілді балалар» эстафеталық жарыстар.	Шілде	Музыка жетекшісі Тәрбиешілер	
8	«Астана әсем қала» сурет байқауы	Тамыз	Тәрбиешілер	
9	Көңілді шашыранды су мерекесі»	Тамыз		
1	Бақылау мен басшылық. Тәрбие, дене сауықтыру жұмыстарының күн режимін ұйымдастыру, құру	Маусым	Әдіскер	
2	Балалардың таза ауада ұзақ болуына жағдай жасау	Жаз мезгілі	Медбике	
3	Әдіскерлік бөлме жұмыстары Топтардағы тәрбиелеу және оқыту жұмысын жазғы режимге көшіру	Маусым	Әдіскер	
1	Ата – аналармен жұмыс Ата – аналардың көмегімен балабақша аумағын көріктендіру.	Маусым	Тәрбиешілер	
2	Ата – аналарды тәрбие жұмыстарына қатыстыру	Жаз мезгілі	Тәрбиешілер Ата - аналар	
1	Әкімшілік шаруашылық жұмыстар Жазғы дене сауықтыру шараларын ұйымдастыру	Маусым	Меңгеруші	
2	Күнделікті балаларды бассейн суға түсіруге, спорт алаңын, ойын алаңдарын даярлау	Шілде	Шар. меңгерушісі	
3	Бөбекжайды әрлеу, жөндеуден өткізу.	Маусым	Шар. меңгерушісі	
4	Балаларды жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарға бөлу	Тамыз	Меңгеруші	

5. Бақылау және басқару

Мақсаты: Барлық топтар бойынша педагогикалық үрдісті түрлендіру және педагогтарға әдістемелік көмек көрсету.

5.1.Тәрбиелеу мен оқыту жұмысын бақылауды іске асыру кестесі

р/с	Бақылаудың мазмұны	мерзімі	бақылау түрі	кім бақылайды?	Қайда қаралады
1	Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеру қорытындысы	Қыркүйек	жедел	Меңгеруші Медбике Шар. меңгеруші	№ 1 Меңгеруші жанындағы кеңес
2	Ересек топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығуларды және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы.	Қараша	жедел	Меңгеруші Медбике Шар. меңгеруші	№ 2 Меңгеруші жанындағы кеңес
3	Ересек топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығуларды және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы.	Қаңтар	жедел	Меңгеруші Медбике Шар. меңгеруші	№ 3 Меңгеруші жанындағы кеңес
4	Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысының есебі.	Қаңтар	жедел	Меңгеруші Әдіскер Медбике	№3 Пед.кеңес
5	Табиғат бұрышындағы кезекшілік жұмысты ұйымдастыру бойынша салыстырмалы тексерудің қорытындысы	Ақпан	жедел	Меңгеруші Әдіскер	№4 Меңгеруші жанындағы кеңес
6	Кіші топтарда таңертеңгі жаттығуды жасау ережелерінің сақталуы	Мамыр	жедел	Меңгеруші Медбике Әдіскер	№5 Меңгеруші жанындағы кеңес

6. Ата – аналармен жұмыс

Міндеті: Ата – аналарды бала тәрбиесіне белсенді араластыру

6.1. Жалпы ата – аналар жиналысын келесі күн тәртібі бойынша өткізу

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	<ol style="list-style-type: none">1. Бөбекжай жұмыстарын талдау, оқу тәрбие жұмысымен таныстыру2. Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы3. Мини лекция: «Балалар эмоциясының әлемі»4. Ата - аналар комитетін сайлау5. Ата-аналармен келісім шартқа тұру	Қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер Психолог Тәрбиешілер Ата - аналар
2	<ol style="list-style-type: none">1. Ата-аналарға кеңес2. Балалардың білімінің бақылау мониторингісін талқылау.3. Бала құқығы туралы конвенцияны оқып үйрену, талдау, сараптау	Қаңтар	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер Медбике Психолог
3.	<ol style="list-style-type: none">1. Психотренинг2. Баланы тәрбиелеу, мектепке дайындау мәселері3. Жылдық жұмыстың қорытындысы	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Психолог Тәрбиешілер Ата – аналар комитеті

7. Әкімшілік шаруашылық жұмыс

Міндеті : Оқу қызметті сапалы ұйымдастырудың материалдық базасын жақсарту

7.1. Қаржы-шаруашылық жұмыстар.

Мақсаты: Балалардың оқу мен тәрбие алу үшін жағдайын жақсарту.

р/с	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Топтарды іріктеу	31.08.2022ж.	Меңгеруші
2	Ата-аналар төлемақысын қадағалау	Үнемі	Меңгеруші Есепші
3	Коммуналдық төлемдердің орындалуын қадағалау	Үнемі	Меңгеруші
4	Он күндік ас мәзірін құру	Кезінде	Меңгеруші
5	Тағамның сапасын бақылау	Үнемі	Медбике Шар. меңгерушісі
6	Азық-түлік сапасын дәлелдейтін сертификат қағаздарын жинақтау	Кезінде	Медбике Шар. меңгерушісі
7	Тамақ үлестірудегі мөлшермен тәрбиешілерді таныстыру.	Кезінде	Медбике
8	Педагогикалық кадрлармен , ата-аналармен келісім шартқа тұру.	Қыркүйек	Шаруашылық меңгерушісі Медбике Ата – аналар комитеті
9	Тамақты ұйымдастыруда азық түлікті сақтау сапасын бағалау	Қаңтар	Медбике Алиева А.

1 0	Коммуналдық шаруашылықтармен шартқа отыру.	Мамыр	Шаруашылық меңгерушісі
1 1	Жазғы сауықтыру шаралары: - бассейнмен жабдықтау; - Құмсалғыштарды құммен толтыру Тағамның сапасын, әртүрлілігін бақылау.	Жаз бойы	Шаруашылық меңгерушісі Медбике Ата – аналар комитеті
1 2	Жазғы сауықтыру шараларына учаскелерді дайындау жұмыстары. (жөндеу, алаңдарды көгалдандыру)	Мамыр	б/ж меңгерушісі шар меңгерушісі Ата – аналар комитеті